

## 2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы № 200 шешімі.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 85-бабының 2-тармағына, 91-бабының 3-тармағына, 94 және 96 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 11.07.2025 № 255 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

1. 2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2025 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 6 172 592,5 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 943 897 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 24 111 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 60 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 5 204 524,5 мың теңге;
- 2) шығындар – 7 421 223,2 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 16 963 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 62 912 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 45 949 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 265 593,7 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 265 593,7 мың теңге, оның ішінде:
  - қарыздар түсімі – 596 318 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 45 949 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 715 224,7 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 12.12.2025 № 290 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Аудандық бюджеттің кірісіне есептелетін болып белгіленсін:

- 1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы;
- 2) төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы;

3) әлеуметтік салық;

4) заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

5) бірыңғай жер салығы;

6) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда), дизель отынына, газохолға, бензанола, нефрасқа, жеңіл көмірсутектер қоспаларына және экологиялық отынға акциздер;

7) жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

8) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым;

9) жергілікті бюджетке төленетін тіркелгені үшін алым;

10) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

11) жергілікті бюджетке төленетін мемлекеттік баж;

12) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы мемлекеттік мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер;

13) жеке тұлғаларға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар;

14) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аппараттарына аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

15) иесіз мүлікті, белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткен мүлікті, қадағалаусыз жануарларды, олжаларды, сондай-ақ мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен мүлікті сатудан алынатын түсімдер;

16) мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

17) бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы;

18) жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер;

19) жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы "2025 – 2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9-бабына сәйкес, белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төмен мөлшері – 85 000 теңге;

2) айлық есептік көрсеткіш – 3 932 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 46 228 теңге.

4. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілген субвенциялар көлемі 1 771 506 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін.

5. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық бюджеттен ауылдық округ бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 360 221 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Ойыл ауылдық округіне – 91 894 мың теңге;

Ш. Берсиев атындағы ауылдық округіне – 43 748 мың теңге;

Қараой ауылдық округіне – 38 451 мың теңге;

Көптоғай ауылдық округке – 55 475 мың теңге;

Сарбие ауылдық округіне – 42 723 мың теңге;

Қайыңды ауылдық округіне – 36 776 мың теңге;

Саралжын ауылдық округіне – 51 154 мың теңге.

6. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджет арқылы республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер түсетіні ескерілсін:

**Ескерту. 6 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 06.11.2025 № 279 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-1. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен түсетіні ескерілсін:

жергілікті атқарушы органның кезекте тұрғандарға кейіннен жалға беру үшін дайын тұрғын үйді сатып алуға – 533 406 мың теңге.

Бюджеттік кредиттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысының негізінде айқындалады.

**Ескерту. 6-1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 06.11.2025 № 279 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

1) көлік инфрақұрылымын дамытуға – 100 000 мың теңге.

Аталған нысаналы даму трансферттерінің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

8. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға – 16 746 мың теңге;

2) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 1 637 мың теңге;

3) халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға – 26 670 мың теңге;

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 8 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 12.12.2025 № 290 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

9. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түскені ескерілсін:

1) көлік инфрақұрылымын дамытуға – 1 091 740,3 мың теңге;

Аталған нысаналы даму трансферттерінің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 9 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 12.12.2025 № 290 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

10. 2025 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге – 36 112 мың теңге;

2) балаларға кепілдендірілген әлеуметтік пакетке – 8 356 мың теңге;

3) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға – 33 151 мың теңге;

4) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға – 5 794 мың теңге;

5) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға (аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеуге) – 335 026 мың теңге;

6) "Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға (мәдениеттің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстарына) – 56 771 мың теңге;

7) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыруға – 1 000 000 мың теңге.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

**Ескерту. 10 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 12.12.2025 № 290 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).**

11. Функциялардың берілуіне байланысты аудандық бюджеттен республикалық бюджеттің ысырабын өтеуге 2 487 мың теңге сомасында трансферттердің сомаларын бөлу көзделсін.

Аталған трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

12. Функциялардың берілуіне байланысты аудандық бюджеттен облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге 74 668 мың теңге сомасында трансферттердің сомаларын бөлу көзделсін.

Аталған трансферттердің сомаларын бөлу аудан әкімдігі қаулысы негізінде айқындалады.

13. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2025 жылға арналған резерві 66 015,5 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 13 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 06.11.2025 № 279 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

14. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ойыл аудандық  
мәслихатының төрағасы

С. Ғ. Займолдин

Ойыл аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ 200 шешіміне 1-қосымша

2025 жылға арналған Ойыл аудандық бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 12.12.2025 № 290 шешімімен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

| Санаты |        |             |                                          | Сомасы, мың теңге |
|--------|--------|-------------|------------------------------------------|-------------------|
|        | Сыныбы |             |                                          |                   |
|        |        | Кіші сыныбы |                                          |                   |
|        |        |             | Атауы                                    |                   |
|        |        |             | I. Кірістер                              | 6 172 592,5       |
| 1      |        |             | Салықтық түсімдер                        | 943 897           |
|        | 01     |             | Табыс салығы                             | 492 115           |
|        |        | 1           | Корпоративтік табыс салығы               | 29 353            |
|        |        | 2           | Жеке табыс салығы                        | 462 762           |
|        | 03     |             | Әлеуметтік салық                         | 397 834           |
|        |        | 1           | Әлеуметтік салық                         | 397 834           |
|        | 04     |             | Меншікке салынатын салықтар              | 39 550            |
|        |        | 1           | Мүлікке салынатын салықтар               | 39 300            |
|        |        | 4           | Көлік құралдарына салынатын салық        | 250               |
|        | 05     |             | Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін | 5 598             |

|   |    |   |                                                                                                                                                                                                         |        |
|---|----|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|
|   |    |   | қызметтерге<br>салынатын ішкі<br>салықтар                                                                                                                                                               |        |
|   |    | 2 | Акциздер                                                                                                                                                                                                | 341    |
|   |    | 3 | Табиғи және басқа<br>ресурстарды<br>пайдаланғаны үшін<br>түсетін түсімдер                                                                                                                               | 3 000  |
|   |    | 4 | Кәсіпкерлік және<br>кәсіби қызметті<br>жүргізгені үшін<br>алынатыналымдар                                                                                                                               | 2 257  |
|   | 08 |   | Заңдық маңызы бар<br>әрекеттерді<br>жасағаны және (не<br>месе) оған<br>уәкілеттігі бар<br>мемлекеттік<br>органдар немесе<br>лауазымды адамдар<br>құжаттар бергені<br>үшін алынатын<br>міндетті төлемдер | 8 800  |
|   |    | 1 | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                                                         | 8 800  |
| 2 |    |   | Салықтық емес<br>түсімдер                                                                                                                                                                               | 24 111 |
|   | 01 |   | Мемлекеттік<br>меншіктен түсетін<br>кірістер                                                                                                                                                            | 14 316 |
|   |    | 5 | Мемлекет<br>меншігіндегі<br>мүлікті жалға<br>беруден түсетін<br>кірістер                                                                                                                                | 9 023  |
|   |    | 7 | Мемлекеттік<br>бюджеттен берілген<br>кредиттер бойынша<br>сыйақылар                                                                                                                                     | 1 863  |
|   | 03 |   | Мемлекеттік<br>бюджеттен<br>қаржыландырылаты<br>н мемлекеттік<br>мекемелер<br>ұйымдастыратын<br>мемлекеттік сатып<br>алуды өткізуден<br>түсетін ақша<br>түсімдері                                       | 3 430  |
|   |    |   | Мемлекеттік<br>бюджеттен<br>қаржыландырылаты                                                                                                                                                            |        |

|  |    |   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |       |
|--|----|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
|  |    | 1 | н мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері                                                                                                                                                                                                                                              | 3 430 |
|  | 04 |   | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар                                                                                                | 308   |
|  |    | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан және жәбірленушілерге өтемақы қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 308   |
|  | 06 |   | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 9 487 |
|  |    | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 9 487 |

|   |    |   |                                                                                                        |             |
|---|----|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
| 3 |    |   | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                             | 60          |
|   | 03 |   | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                            | 60          |
|   |    | 1 | Жерді сату                                                                                             | 60          |
| 4 |    |   | Трансферттердің түсімдері                                                                              | 5 204 524,5 |
|   | 01 |   | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер                                             | 8 869,5     |
|   |    | 3 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер | 8 869,5     |
|   | 02 |   | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                 | 5 195 655   |
|   |    | 2 | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                | 5 195 655   |

| Функционалдық топ |              |                                     |            |                                                                  | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------|--------------|-------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------|--------------------|
|                   | Кіші функция | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |            |                                                                  |                    |
|                   |              |                                     | Бағдарлама |                                                                  |                    |
|                   |              |                                     |            | Атауы                                                            |                    |
| 1                 | 2            | 3                                   | 4          | 5                                                                | 6                  |
|                   |              |                                     |            | II. Шығындар                                                     | 7 421 223,2        |
| 01                |              |                                     |            | Ж а л п ы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер           | 1 331 147,3        |
|                   | 1            |                                     |            | Мемлекеттік басқарудың ж а л п ы функцияларын орындайтын өкілді, | 356 508,3          |



|   |  |     |     |                                                                                           |           |
|---|--|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|   |  |     |     | атқарушы және басқа органдар                                                              |           |
|   |  | 112 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                    | 54 097    |
|   |  |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 54 097    |
|   |  |     | 005 | Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру                                    | 0         |
|   |  | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                        | 302 411,3 |
|   |  |     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер     | 233 411,0 |
|   |  |     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                    | 3 827,4   |
|   |  |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                       | 65 172,9  |
| 2 |  |     |     | Қаржылық қызмет                                                                           | 452       |
|   |  | 459 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі                        | 452       |
|   |  |     |     |                                                                                           |           |

|   |  |     |     |                                                                                                                                                          |           |
|---|--|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|   |  |     | 003 | Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу                                                                                                          | 452       |
| 9 |  |     |     | Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер                                                                                                            | 974 187,0 |
|   |  | 454 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі                                                                          | 53 743,5  |
|   |  |     | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                          | 53 743,5  |
|   |  |     | 007 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                   | 0         |
|   |  | 459 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі                                                                                       | 62 252    |
|   |  |     | 001 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттың қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін | 61 679    |

|  |  |     |     |                                                                                                                                                                                                                            |           |
|--|--|-----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|  |  |     |     | басқару<br>саласындағы<br>мемлекеттік<br>саясатты іске<br>асыру жөніндегі<br>қызметтер                                                                                                                                     |           |
|  |  |     | 015 | Мемлекеттік<br>органның<br>күрделі<br>шығыстары                                                                                                                                                                            | 0         |
|  |  |     | 113 | Төменгі тұрған<br>бюджеттерге<br>берілетін<br>нысаналы<br>ағымдағы<br>трансферттер                                                                                                                                         | 573       |
|  |  | 495 |     | Ауданның (облыстық<br>маңызы бар<br>қаланың) сәулет,<br>құрылыс,<br>тұрғын<br>үй-коммуналдық<br>шаруашылығы,<br>жолаушылар<br>көлігі және<br>автомобиль<br>жолдары бөлімі                                                  | 858 191,5 |
|  |  |     | 001 | Жергілікті<br>деңгейде сәулет,<br>құрылыс,<br>тұрғын<br>үй-коммуналдық<br>шаруашылық,<br>жолаушылар<br>көлігі және<br>автомобиль<br>жолдары<br>саласындағы<br>мемлекеттік<br>саясатты іске<br>асыру жөніндегі<br>қызметтер | 54 978,0  |
|  |  |     | 003 | Мемлекеттік<br>органның<br>күрделі<br>шығыстары                                                                                                                                                                            | 1 000     |
|  |  |     | 032 | Ведомстволық<br>бағыныстағы<br>мемлекеттік<br>мекемелер мен<br>ұйымдардың                                                                                                                                                  | 42 205    |

|    |   |     |     |                                                                                             |           |
|----|---|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    |   |     |     | күрделі шығыстары                                                                           |           |
|    |   |     | 040 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту                                                 | 0         |
|    |   |     | 113 | Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер                         | 760 008,5 |
| 02 |   |     |     | Қорғаныс                                                                                    | 94 715,6  |
|    | 1 |     |     | Әскери мұқтаждар                                                                            | 10 769,9  |
|    |   | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                          | 10 769,9  |
|    |   |     | 005 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                               | 10 769,9  |
|    | 2 |     |     | Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру                                          | 83 945,7  |
|    |   | 122 |     | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                          | 83 945,7  |
|    |   |     | 006 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою | 13 157,7  |
|    |   |     |     | Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет      |           |

|    |   |     |     |                                                                                                                                                                                      |           |
|----|---|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    |   |     | 007 | органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар                                                                                    | 70 788    |
| 06 |   |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                       | 325 488,8 |
|    | 1 |     |     | Әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                             | 42 908    |
|    |   | 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                           | 42 908    |
|    |   |     | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                  | 42 908    |
|    | 2 |     |     | Әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                     | 202 063,2 |
|    |   | 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                           | 202 063,2 |
|    |   |     | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасын ың заңнамасына | 23 672,5  |

|  |  |  |     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |          |
|--|--|--|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|  |  |  |     | сәйкес<br>әлеуметтік<br>көмек көрсету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |          |
|  |  |  | 006 | Тұрғын үйге<br>көмек көрсету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 0        |
|  |  |  | 007 | Жергілікті<br>өкілетті<br>органдардың<br>шешімі<br>бойынша<br>мұқтаж<br>азаматтардың<br>жекелеген<br>топтарына<br>әлеуметтік<br>көмек                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 56 960,5 |
|  |  |  | 014 | Мұқтаж<br>азаматтарға үйде<br>әлеуметтік<br>көмек көрсету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | 33 496   |
|  |  |  | 017 | Мүгедектігі бар<br>адамды<br>абилитациялаудың<br>және<br>оңалтудың жеке<br>бағдарламасына<br>сәйкес мұқтаж<br>мүгедектігі бар<br>адамдарды<br>протездік-ортоп<br>едиялық<br>көмекпен,<br>сурдотехникалық<br>және<br>тифлотехникалық<br>құралдармен,<br>міндетті<br>гигиеналық<br>құралдармен,<br>арнаулы<br>жүріп-тұру<br>құралдарымен<br>қамтамасыз ету,<br>сондай-ақ<br>санаторий-курорттық<br>емдеу, жеке<br>көмекшінің<br>және ымдау тілі<br>маманының<br>қызметтерімен<br>қамтамасыз ету | 87 934,2 |
|  |  |  |     | Әлеуметтік<br>көмек және                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |          |

|   |  |     |     |                                                                                                                                                                        |          |
|---|--|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| 9 |  |     |     | әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер                                                                                                              | 80 517,6 |
|   |  | 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                             | 80 517,6 |
|   |  |     | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 37 241   |
|   |  |     | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге акы төлеу                                                            | 297,3    |
|   |  |     | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                 | 1 820,5  |
|   |  |     | 028 | Күш көрсету немесе күш көрсету қаупі салдарынан қ и ы н жағдайларға тап болған тәуекелдер тобындағы адамдарға қызметтер                                                | 20 562,8 |
|   |  |     |     | Қазақстан Республикасынд                                                                                                                                               |          |

|    |   |     |     |                                                                                                                                             |             |
|----|---|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|    |   |     | 050 | а мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмісүру сапасын жақсарту                                                      | 4 891       |
|    |   |     | 054 | Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру                                                                      | 14 138      |
|    |   |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары                                                             | 1 567       |
| 07 |   |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                            | 1 069 041,8 |
|    | 1 |     |     | Тұрғын үй шаруашылығы                                                                                                                       | 896 904,5   |
|    |   | 495 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 896 904,5   |
|    |   |     | 007 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау                                                      | 297 002,5   |
|    |   |     | 008 | Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру                                                                                            | 6 376       |
|    |   |     | 011 | Азаматтардың жекелеген санаттарын                                                                                                           | 30 000      |



|  |   |     |     |                                                                                                                                             |           |
|--|---|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|  |   |     |     | тұрғын үймен қамтамасыз ету                                                                                                                 |           |
|  |   |     | 033 | Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру                                                          | 3 450     |
|  |   |     | 098 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу                                                                                      | 560 076   |
|  | 2 |     |     | Коммуналдық шаруашылық                                                                                                                      | 170 351,3 |
|  |   | 495 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 170 351,3 |
|  |   |     | 013 | Коммуналдық шаруашылықты дамыту                                                                                                             | 8 030     |
|  |   |     | 016 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі                                                                                         | 92 899    |
|  |   |     | 18  | Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту                                                                                            | 100       |
|  |   |     | 027 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін пайдалануды ұйымдастыру                                       | 5 425     |
|  |   |     |     | Елді мекендердегі                                                                                                                           |           |

|    |   |     |     |                                                                                                                                                                        |           |
|----|---|-----|-----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    |   |     | 058 | с у м е н<br>жабдықтау және<br>су бұру<br>жүйелерін<br>дамыту                                                                                                          | 63 897,3  |
|    | 3 |     |     | Елді-мекендерді<br>көркейту                                                                                                                                            | 1 786     |
|    |   | 495 |     | Ауданның (облыстық<br>маңызы бар қаланың) сәулет,<br>құрылыс,<br>тұрғын<br>үй-коммуналдық<br>шаруашылығы,<br>жолаушыларкөл<br>ігі және<br>автомобиль<br>жолдары бөлімі | 1 786     |
|    |   |     | 031 | Е л д і<br>мекендердің<br>санитариясын<br>қамтамасыз ету                                                                                                               | 1 786     |
| 08 |   |     |     | Мәдениет, спорт<br>, туризм және<br>ақпараттық<br>кеңістік                                                                                                             | 581 787,3 |
|    | 1 |     |     | Мәдениет<br>саласындағы<br>қызмет                                                                                                                                      | 281 241,5 |
|    |   | 819 |     | Ауданның (облыстық<br>маңызы бар қаланың) ішкі<br>саясат, мәдениет<br>, тілдерді<br>дамыту және<br>спорт бөлімі                                                        | 281 241,5 |
|    |   |     | 009 | Мәдени-демалыс<br>жұмысын<br>қолдау                                                                                                                                    | 281 241,5 |
|    | 2 |     |     | Спорт                                                                                                                                                                  | 18 060    |
|    |   | 819 |     | Ауданның (облыстық<br>маңызы бар қаланың) ішкі<br>саясат, мәдениет<br>, тілдерді<br>дамыту және<br>спорт бөлімі                                                        | 18 060    |
|    |   |     |     |                                                                                                                                                                        |           |

|  |   |     |     |                                                                                                                                                         |           |
|--|---|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|  |   |     | 006 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту                                                                                                             | 3 000     |
|  |   |     | 014 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу                                                                                | 8 200     |
|  |   |     | 015 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы | 6 860     |
|  | 3 |     |     | Ақпараттық кеңістік                                                                                                                                     | 174 588,3 |
|  |   | 819 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі                                                         | 174 588,3 |
|  |   |     | 005 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер                                                                                               | 16 000    |
|  |   |     | 007 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі                                                                                                         | 157 509,3 |
|  |   |     | 008 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту                                                                                      | 1 079     |
|  | 9 |     |     | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті                                                                                                      | 107 897,5 |

|    |  |     |     |                                                                                                                                                                                               |           |
|----|--|-----|-----|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    |  |     |     | ұйымдастыру<br>жөніндегі өзге<br>де қызметтер                                                                                                                                                 |           |
|    |  | 819 |     | Ауданның (облыстық<br>маңызы бар қаланың) ішкі<br>саясат, мәдениет,<br>тілдерді дамыту және<br>спорт бөлімі                                                                                   | 107 897,5 |
|    |  |     | 001 | Ақпаратты, мемлекеттілікті<br>нығайту және азаматтардың<br>әлеуметтік сенімділігін<br>қалыптастыру саласында<br>жергілікті деңгейде<br>мемлекеттік саясатты іске<br>асыру жөніндегі қызметтер | 54 953    |
|    |  |     | 003 | Мемлекеттік органның<br>күрделі шығыстары                                                                                                                                                     | 2 835     |
|    |  |     | 004 | Жастар саясаты саласында<br>іс-шараларды іске асыру                                                                                                                                           | 32 141    |
|    |  |     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы<br>мемлекеттік мекемелер мен<br>ұйымдардың күрделі<br>шығыстары                                                                                                      | 17 968,5  |
| 10 |  |     |     | Ауыл, су, орман, балық<br>шаруашылығы, ерекше<br>қорғалатын табиғи аумақтар,<br>қоршаған ортаны және<br>жануарлар дүниесін қорғау,<br>жер қатынастары                                         | 65 117    |
|    |  |     |     |                                                                                                                                                                                               |           |

|    |   |     |     |                                                                                                                                      |        |
|----|---|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|
|    | 6 |     |     | Ж е р қатынастары                                                                                                                    | 26 481 |
|    |   | 463 |     | Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі                                                                       | 26 481 |
|    |   |     | 001 | Аудан ( облыстық маңызы бар қала ) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 26 481 |
|    | 9 |     |     | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер                       | 38 636 |
|    |   | 459 |     | Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі                                                                  | 38 636 |
|    |   |     | 099 | Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру                                                                  | 38 636 |
| 11 |   |     |     | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрлысы және құрлыс қызметі                                                                                  | 100    |
|    | 2 |     |     | сәулет, қала құрлысы және құрлыс қызметі                                                                                             | 100    |
|    |   |     |     | Ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) сәулет,                                                                                      |        |

|    |   |     |     |                                                                                                                                             |             |
|----|---|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|    |   | 495 |     | кұрлыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                 | 100         |
|    |   |     | 005 | Аудан аумағының қала құрлысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу                                    | 100         |
| 12 |   |     |     | Көлік және коммуникация                                                                                                                     | 2 826 774,3 |
|    | 1 |     |     | Автомобиль көлігі                                                                                                                           | 2 826 774,3 |
|    |   | 495 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі | 2 826 774,3 |
|    |   |     | 022 | Көлік инфрақұрылымын дамыту                                                                                                                 | 1 091 740,3 |
